

2003 жылға арналған Орталық және Шығыс Еуропа елдерімен экономикалық ынтымақтастық жөніндегі нидерландтық бағдарлама шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастық бойынша Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен Нидерланды Корольдігінің Экономикалық істер министрлігі арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 қазандағы N 1034 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2003 жылға арналған Орталық және Шығыс Еуропа елдерімен экономикалық ынтымақтастық жөніндегі нидерландтық бағдарлама шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастық бойынша Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен Нидерланды Корольдігінің Экономикалық істер министрлігі арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

2003 жылға арналған Орталық және Шығыс Еуропа елдерімен экономикалық ынтымақтастық жөніндегі нидерландтық бағдарлама шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастық бойынша Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен Нидерланды Корольдігінің Экономикалық істер министрлігі арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандум

Нидерланды Корольдігінің Үкіметі қабылдаған, бұдан әрі "PSO бағдарламасы" деп аталатын, жаңартылған "Орталық және Шығыс Еуропа елдерімен ынтымақтастық жөніндегі бағдарламасын" талқылау мақсатында 2003 жылғы _____ Астана қаласында бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мен Нидерланды Корольдігінің Экономикалық істер министрлігі өкілдерінің кездесуі өтті.

Тараптар Қазақстан Республикасы мен Нидерланды Корольдігі арасындағы қатынастарды одан әрі дамыту мен нығайтудың өзара тиімді болатындығына келісім білдірді, сондай-ақ осы байланыстарды нығатуда PSO бағдарламасына маңызды рөл

бере отырып, болашақта ынтымақтастықтың жалғасуы мен тереңдей түсуін тілей отырып, PSO бағдарламасы шеңберінде Нидерланды Корольдігінің инвесторларын тарту мақсатымен тұрақты инвестициялық ахуал жасаудың маңыздылығын мойындай отырып, мына төмендегілер туралы өзара түсіністікке қол жеткізді:

PSO бағдарламасының элементтері

1. PSO бағдарламасы Қазақстанның тұрақты әрі рыноктық бағдарланған экономикаға көшуін қолдайды. Рыноктық экономиканы дамытуға үлес қосу, бәсекеге қабілеттілікті нығайту, компанияларды жаңғырту және тұрақты өндірістік процесті дамыту оның негізгі мақсаттары болып табылады. PSO бағдарламасы - бұл өтеусіз негізде Нидерланды Корольдігі Қазақстан Республикасына көрсететін техникалық көмек бағдарламасы.

2. Нидерланды Корольдігінің Үкіметі PSO бағдарламасы шеңберінде жобалардың мынадай екі үлгісін қаржыландырады:

а) Қазақстан компанияларына білім, технологиялар және жабдықтар беру мақсатында PSO бизнес жобалары ("Business to Business") нидерландтық компанияларға ұсынылады. Осы бағдарламаның жобалары Қазақстан Республикасы компанияларының қаржы-экономикалық жағдайын және ғылыми-техникалық әлеуетін нығайтуға бағытталған. Жаңартылған PSO бағдарламасының шеңберінде жобаларды іске асыру үшін компанияларды іріктеу мақсатында жылына екі тендерлік кезең жүргізіледі. Тендерлер бір сатыдан тұрады және PSO бағдарламасына барлық қатысушы елдер үшін ашық болады. Тендерге қатысуға жіберілген әр түрлі елдердің жобалық ұсыныстарын іріктеу конкурстың және ұсынылатын жобалардың сапалық сипаттамалары негізінде жүргізілетін болады.

PSO бизнес жобалары ("Business to Business") коммерциялық жалғасын табуға, яғни тұрақты сауда не инвестициялық қатынастарға бағытталуы тиіс. Жобаның бастапқыда кейінгі коммерциялық инвестициялар үшін қолайлы мүмкіндігі болуы тиіс. Өтінімдерді ұсынатын компаниялар жобаның аралық және соңғы нәтижелерін анық көрсетуге тиіс. Қазақстандық және нидерландық компаниялар жобалардың жүзеге асырылуына әрі олардың мақсаттарының іске асуына бірге жауапты болады.

б) Институционалдық (бағдарламалық) жобалар ұзақ жылдар бойы нидерландық компаниялардың кәсіби тәжірибесі мен білімін пайдалана отырып, нақты секторды не болмаса Орталық пен Шығыс Еуропаның, соның ішінде Қазақстанның да өңірін қолдауға бағытталған. Институционалдық жобалар нидерландық компаниялардың кәсіби тәжірибесі мен білімін пайдалану арқылы нақты сектордың немесе өңірдің институционалдық қабілеттілігін не болмаса бәсекеге қабілеттігін нығайтуға бағытталған, сондықтан тұтастай алғанда, жобалар қандай да бір нақты кәсіпорын үшін емес, сектор немесе өңір үшін пайдалы болатындай жасалуы тиіс.

Институционалдық жобаларды компаниялар, сол сияқты консультанттар, не болмаса жеке сарапшылар, үкіметтік, сол сияқты үкіметтік емес болатын ұйымдар

немесе мекемелер орындай алады. Жыл сайын Нидерланд Корольдігінің Экономикалық істер министрлігі Орталық және Шығыс Еуропаның қандай мемлекеттерінің, соның ішінде Қазақстанның да қандай секторлары/өңірлері институционалдық жобаларға қатыса алатыны жайында шешім қабылдайды. Осындай шешім тиісті мемлекеттердің уәкілетті органдарымен, сондай-ақ тиісті нидерландық министрліктермен және Нидерланд Корольдігінің Экономикалық істер министрлігінің PSO бағдарламасы бойынша атқарушы органы болып табылатын Senter ұйымымен жан-жақты консультациялар жүргізіле отырып қабылданады. Институционалдық жоба егер Қазақстанда енгізілетін жағдайда, бұл жобаның орындалуы Қазақстан Республикасының барлық деңгейіндегі мүдделі мемлекеттік органдардың және/немесе басқа да тартылған қазақстандық ұйымдардың немесе компаниялардың белсенді қатысуын әрі қолдауын талап етеді.

3. Қазақстан Республикасының аумағына PSO бағдарламасының техникалық көмек көрсету жобаларының шеңберінде импортталған тауарлар Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес қосылған құн салығын, кеден баждарын, кедендік тіркелу үшін кедендік төлемдерді және қандай да болмасын басқа да баждар мен салықтарды төлеуден босатылатын болады.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Қазақстан Республикасының аумағында PSO бағдарламасының үйлестірушісі болып табылады. Қазақстан тарапынан PSO бағдарламасының үйлестіруші Нидерланд Корольдігінің Экономикалық істер министрлігінің PSO бағдарламасы бойынша атқарушы органы - Senter, бір жағынан, және екінші жағынан, тартылған қазақстандық үкіметтік ұйымдар арасында жұмыс деңгейіндегі қажетті делдалдық үшін жауапты болады. Нидерланд Корольдігінің Экономикалық істер министрлігінің PSO бағдарламасы бойынша атқарушы органы Senter бас үйлестірушісі болып табылады және өкілеттіктер шеңберін, беру рәсімін айқындауға, жобаларды таңдауға және олардың жалпы мониторингіне жауапты болады. Нидерландық компаниялар жобалық ұсыныстарын Senter-ге жіберуі тиіс.

5. Тараптар арасында осы Меморандумды түсіндірумен немесе қолдануымен байланысты даулар немесе келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер арқылы шешетін болады.

6. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жеке хаттамалармен ресімделеді және осы Меморандумның ажырамас бөліктері болып табылады.

Осы Өзара түсіністік туралы меморандум қол қойылған сәтінен бастап күшіне енеді және бір жыл бойы күшінде болады. Осы Меморандум шеңберінде дамуы жалғасын тапқан жобалардың іске асырылуына бағалау жүргізу, сондай-ақ PSO бағдарламасын жалғастыру мүмкіндігін талқылау үшін Тараптар 2003 жылдың соңында кездесу туралы келісімге қол жеткізді. PSO бағдарламасының іске асырылуына бірлескен

бағалау жүргізу негізінде, Меморандум күшінің мерзімі өткенге дейін, Тараптар осы Меморандумның күшін бір жыл мерзімге ұзарту туралы шешім қабылдай алады.

_____ жылғы " _____ " _____ Нөқаласында түпнұсқалы екі дана етіп, әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіндердің бірдей күші бар. Осы Меморандумның ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

<i>Қазақстан Республикасының</i>	<i>Нидерланды Корольдігінің</i>
<i>Экономика және бюджеттік</i>	<i>Экономикалық істер министрлігі</i>
<i>жоспарлау министрлігі</i>	<i>үшін</i>

үшін